

Астана Сарыарқа

2/2008

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА
АКАДЕМИЯСЫНА

10 ЖЫЛ



Т. КӘКІШҰЛЫ, профессор

Өмірхан Әбдиманұлының «Ахмет Байтұрсынұлы» атты, өзі зерттеу-эссе деп атаса да, мән-мағынасы мол, баяндалуы шырайлы көркем ғұмырнамасы қолыма еріксіз қалам алдырып отыр.

Азғана шегініс жасап, өз арымды сырттай білегіндерден арашалап алайын. Өмірхан – менің студентім, аспирантым, докторантым (жақында ғана «Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты» тақырыбында докторлық диссертация қорғады). Осы кезеңдердің бәрінде де жетекшілік жасап, көзден таса қылмай, кешеуілдеген тұста «қамшылап» қойғанымды жасырмайын. «Е, жаны ашитын аңамы екен ғой, сондықтан мына кітабына ұнамды пікір айтып, ел-жұртқа насихаттайын деп отыр екен ғой» деп, біздің қазақ ойламай қалмасын білсем де, өз ойымды қағазға түсіруді нарыз санап отырмын.

Мен бұл ойымды Өмірхан үшін емес, жаңадан жарқырап, өзінің бар келбетімен көрінген, белгілі-белгісіз деректерімен оқырманды ойландырып-толғандыратын Ахмет Байтұрсынұлының қасиетті де құрметті аруағын бір аунатып алу үшін жазып отырмын.

Осы уақытқа шейін Ахмет атамызды білетін адам сияқты ем. Менің бұған дейінгі түсінігім жалпыламалықтан алыс емес



екен. Ішкі жан-дүниесін, пенделік сырларын, ақындық, ғалымдық, қайраткерлік тұлғасының қадау-қадау ерекшеліктерін енді жаңадан ашқан секілдімін. Өтірік аярыланып отырған жоқпын, ол қолымнан келмейді. Қажет болса, реті келсе Өмірханмен айтысып-тартысып, артық-кем кеткен тұстарын да аңғартып отырғанмын. Енді кітап – қалың оқырманның қолында. Әрқайсымыз өз түсінігімізді білдіруге құқылымыз. Аханды жан-жақты білемін деген азамат бұл ғұмырнаманы ойлана оқығаны абзал.

Осындай ұзақсонар кіріспеден кейін айтар ой толымды, жазар пікір өткір, қорытар түйін ғибратты болса, құдайдың бергені болар еді.

«Арда» баспасының «Тарихи тұлға тағылымы» топтамасының 2007 жылғы

соңғы өнімі – «Ахмет Байтұрсынұлы». Көлемі 25 баспабақ, 5 тараудан тұрады. Бұрынғы зерттеулерде қысқа ғана қайрылып, тұщындыра қоймайтын Ахаң өмірбаянын бұл жолы «Ахмет Байтұрсынұлының

өмір жолы, қоғамдық қызметі және шығармашылығына қатысты дерек көздері» дейтін 28 бетке көсілген мағлұматтар

жинағының өзі көп дүниеден хабардар етіп, мейлінше байыта түскен. Және бұл кітап шығарудағы жаңалық болғанымен, осыған үйірсек болмау керек деп те отырмын. Онсыз да оқуға уақыт таба алмай, ат үстінен қарайтын «қуларға» жем тастамау керек-ау тегі. Білмесе білмей-ақ қойсын. Одан дүние аударылып кетпейді. Ал білгісі келіп, зиялы атануға ұмтылғандар мұндай мәнді еңбекті түгел оқып шықса, айтар ойы деректі, қорытар пікірі қомақты болмақ. Сонда ғана біздің рухани келбетіміз бар болмысымен көрінері хақ.

Кітаптың бірінші тарауы «Өмір өткелдері» деп аталады да, бисмілләсі «Туған жер, өскен ортадан» басталады. Мұнда тұрған пәлендей пәлсапа жоқ. Алайда, ойланатын бір жай бар. Француздар: «Данышпандар ауылда туып, Парижде өледі», – деп мақалдайды ғой. Ал біз

осыған мән беріп көрдік пе? Осы француздар біліп айтқан сияқты, шынында да ұлттың қаймағы бұзылмай, бар дәстүр салты сақталғанын көріп, өзі араласып жүрген ортада оның шарт-талабын орындап өскен пенде мен асфальтта тіршілік еткендердің түсінік талғамында болсын, жан-сезімінде болсын үлкен айырмашылық бар. Қазақ даласы дегенмен, оның да сахарасы, түкпір қойнауы бар. Қазір теледидар бәрін жақындатып жіберсе де, қала мен далада өскендердің жер мен көктей айырмашылығы аңғарылып тұрады. Далада өскендер неге болса да «қомағайланып», адамның өсіп-өнуіне де, ақыл-сананың толысуына да керектінің бәрін бойына сіңіріп алуға құмар болғандықтан, әрі байқағыш, әрі ойланғыш, парасатты болып көрінеді. Оған бүгінгі абаттануға талаптанатын тірлігімізден де, не кешегі өмірімізден де дәлелді көптеп келтіруге болады.

Соның бірі – ақындық қасиет, дарын. Қазақтың рухани тарихына көз салсақ, классиктеріміздің басым көпшілігі қазақ сахарасының құстың қанаты талатын өңірлерде, алыс ауылдарда, қала мен «мәдениеттен» аулағырақ жерлерде туғандар. Абай болса Семейге бірнеше түнеп баратын Шыңғыстауда, Сәкен Ақмоладан 500-600 шақырымда, ал Ахмет Қостанайды былай қойғанда, Торғайдың өзінен қияндағы құрдыммен қойындасып жатқан Ақкөл маңайында

дүниеге келуіне назараударып көрініздерші. Экологиялық таза ауа, тұнық дәстүр, иманды салт-сана тегінде дарынды адамдарға ерекше сезімшілдік, көргіштік, байқағыштық және топшылауыштық сыйлай ма деп қалғандайсың.

Өмірханның «Туған жер, өскен ортасы» осындай ойды еріксіз оятады. Байтұрсынның уезд бастығы Яковлевті сабауының өзі дала еркіндігінен туған әрекет. Ал Ақтас пен бүкіл туғантуыскандарының 15 жыл Сібірде болып қайтулары да дала бауырмалдығының бір көрінісі. Зұлымдық қашанда – ілкі жеңімпаз, ал парасаттылық – ақыл-сананың жемісі болғандықтан көздегеніне жетпей қоймайды. Олай болса, тазалықта өскеннің өркені де, өркеші де биік екенін Ахаңның адамдық, азаматтық бейнесі дәлелдейді. Оны автор көзге көрінерліктей деңгейде айтып бере алыпты.

Мені осы тарауда таңдандырғаны Александра Ивановна – Бадрисафа Мұхамедсадыққызының тағдыры. Қазақтың «дейді екен» дегені пыш-пыш сөзінен қанаттанып, өсе келе шындыққа бергісіз боп шыға келетіні бар. Тегі жат, арманы бір апамыздың, Ахаңның адал жарының өмірі осы жолы тарихи және нақты деректермен оқушы түсінігін оң жолға бастаған екен. Әйтпесе Ахаң отыздан аса бере біреудің есігінде жүрген күнге үйленіпті, ол түрмеден-түрме, қаладан-қала қалдыр-

май, сүйген жігітінің қыр-соңынан қалмай, өзіне үйлендіріп тыныпты дегенге иланып келген басымыз мына кітаптан есімі бас әріппен жазылар жеңгеміздің азаматтық келбетін көріп, анық таныдық. Ауыздан-ауызға көшкен қауесетті түзету де авторға оңай түспеген. Деректермен дегеніне жеткен. Ал бұл – ғұламалықтың мәнді бір қыры. Әйтпесе, сүйкей салушыларға Бадрисафа жеңгеміздің мұсылман дінін қабылдауы да, Ахаңның етегінен ұстауы да әшейінгі бір қызық әңгіме болып көрінетін еді. Ахаңды 17 жасында сүйіп, Әуликөлде табысулары, содан кейінгі көшіп-конуды былай қойғанда, түрмеге түсіп, итжеккенге айдалып жүріп, Ахаңның тілегінде болу. «Қояншық» ауруына кезіккен жолдасын Архангельск маңындағы түрмеден қалжырап шыққан Ахаңның сонау Сібірге іздеп баруы. 1934-1937 жылдары Алматыда арып-ашып бірге өмір сүруі, рухани зорлықтарға кезігіп сандалуы сияқты азаптардың бәріне шыдас беруі ұлы бабамыздың азаматтығын танытса керек. Пәни жалғандағы «тозақтың» отына күйген Бадрисафа жеңгеміздің кісілігін қалай қадірлемессің. Мені таңдандырған осы жайлар.

Ал «Алаштың ардағы» тараушасы бәріміз айтып-жазып жүргендіктен бе, жадағайлау көрінді. Әрине. Ахаңның азаматтығы алаш қайраткерлері ішінде ең тазасы, сомдысы. Ұлы деп те,

кемеңгер деп те, әрі-беріден соң, данышпан деп те айтуға сияды. Зерттеуші бұл бөлімде қызық-қызық деректерді, детальдарды көптеп келтірсе де, біз білетін ұлы, кемеңгер Ахаңның бойына таңданарлықтай бояу қоса қоймапты. Басқаларға қайдам, өзіміз бұрынғы танымымыздың деңгейінде қалып қойдық. Бір жақсысы Өмірхан кейбір көпірте сөйлейтін, эпитетті орынсыз шығындайтындардың қатарынан табылмағаны, рабайдан шығып кетпегені екен. Тарихи деректер көп жағдайда ұлы, кемеңгер дейтін теңеулердің міндетін оп-оңай атқарып, Ахаңның пенделік және қайраткерлік образын нақты көруге жағдай жасағаны қуаныш. Міне, осындай ыждаһаттықтың арқасында алаштың ардагерін айнытпай танимыз.

«Ахаңның ақындық әлемі» деген екінші тарауы ең сүбелі зерттеу деп айтуға әбден тұрарлық. Әдетте 1909 жылғы «Қырық мысал» мен 1911 жылғы «Маса» жинақтарының әлеуметтік мәнін, әсіресе, азатшыл әдебиеттің бастауында тұрғанын айтып, қазақ халқының жай-күйін баяндауменмен шектелуші едік. Ол көбіне мектептік және XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары деңгейінде ғана найымдалып келген болатын. Өмірхан зерттеуі де осы бағыттан айнымағанымен, оның ішкі сыр-құпияларына

тереңдеп барған екен. Оған әсіресе зерттеушінің өлең сөздің ішкі шарттары мен көркемдік сырларын тамыршыдай дәл басып, ағзаны бұтарлап, дерттің қайда ұялағанын тауып, сылып тастайтын емшінің шеберлігін танытқаны, түсінікті де көрікті баяндап беруі ұтымды шыққан. Дәлел керек пе?

«Тәржімадан туған төл туынды» тараушасы мысал жанрының табиғатын терең танитындығымен көзге түседі. Жан-жануарлардың характерін адамдардың іс-әрекетіне, мінез-құлқына балау, ұқсата суреттеу, одан белгілі бір қорытынды жасап, ғибрат алу шарт деген эстетикалық танымды Өмірхан жан-жақты, тіпті шегіне жеткізе баяндау үшін арнайы ізденгені көп пайдасын тигізген.

Сонау көне замандағы Эзоптан бастап батыс-шығыс әдебиетіндегі мысал классиктерін мұрнынан тізіп, салыстыра баяндағанда, әлем зерттеушілерінен өріс алып отыратын диапазоны оқушыны тәнті етіп қана қоймай, көркемдіктің көп амалдарын көзге көрсетеді. Әсемдік дүниесінің жасалу жолдарымен таныстырып, қолға ұстатады. Ал мұндай жағдайға білімдарлық пен түйсік, таным-білік пен әсемдік сырына үңіле алатын қабілет қажет. Мәселенің ішін үңгіп қазуға кіріскенде жалықтырғыш қисындылық та кездеспейді емес. Бірақ одан шын мәніндегі эстетикалық талдауға тиіп жатқан зиян аз.

Поэзияның толып жатқан үлгілері ішінде мысалдың табиғатын зерделей ашып, «Ұлы Абайдан кейін Крылов мысалдарынан ой асылын теріп, өз халқының наным-түсінігіне, тұрмыс тіршілігіне ыңғайлы етіп аударып, өзінің төл туындысындай қабылдатқан, Крылов масалдарының қат-қабат астарына терең бойлай білген бірден-бір аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол жанр табиғатын терең таныды. ... Сондықтан да жанымен ұғып, ойымен түйсініп барып Ахаң тудырған мысал-өлеңдердің қазақ жазба әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына тигізген игі әсері айрықша» (78-79 бб.) деген қисынның өзі әрі сөлді, әрі көңілге қонымды.

Сонымен қатар, «Ел бостандығын аңсаған. Оған қол жеткізудің жолын іздеген Ахаң үшін Крылов мысалдарын аудару таптырмас тәсіл еді. ...Ахмет Крыловты аударуды мақсат тұтпай, ондағы ой-өзекті ғана алып, өзінше еркін жырлауға, қазақ өміріне тығыз байланыстыра отырып ой айтуға ұмтылған» (84-б.), сондықтан «Ахмет туындарларын төл дүниеміз ретінде тануымызға толық хақымыз бар. Өйткені олардың мазмұны Крыловтікі болғанымен, ой сонылығы, баяндау әдісі, құрылысы, табиғаты тыңнан табылған төл шығармадай етіп жазылған» (101-б.) деп дәлелдей келіп, «Ахмет мысалдарды қазақы даналыққа толы ой-сана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет

үлгілері бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. ...Яғни Крыловтық әңгімелеу, диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген» (102-б.) деп, Ахаңның өзін мысалшы етіп шығарғанына да дау айту қиын. Соның арқасында сөз арасында айтылып келген ойды ғылыми тұрғыдан дәлелді концепцияға айналдырып отыр.

Ал «Азатшыл жырдың алыбы» деген тараушада шын мәніндегі ақын Ахаңды «Маса» жинағындағы мөлдір де азулы поэзиясы арқылы талдап дәлелдейді. Қазақы мақамдағы өлеңдерін былай қойғанда:

*Мен бұқтым – жаттым,
Сен бұқтың – жаттың,
Кім істемек қызмет?!
Ауызбен айтып,
Істерге қайтып,
Жоламасақ не міндет? –*

*Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен ятырым-ай! –*

деген азатшыл, күресшіл шумақтарды Назым Хикметтен ширек ғасыр бұрын жазғанын қалайша мақтана айтпасақ?! Өкінішке қарай, алаш қозғалысына қатысқан ақын-жазушылар кеңес заманында қиястыққа кезікпегенде қазақ поэзиясының әлемдік деңгейі қандай болатынын шамалауға болар еді-ау.

Ахаң поэзиясындағы философиялық ой, мәнді де қарапайым таным-білік пен халыққа әбден ыңғайлы да сіңімді дидактикалық түйіндер өлең өріміне

өрілгенде ақындық күдірет өзінен-өзі атойлап шыға келеді.

*Қинамайды абақтыға
жапқаны,*

*Қиын емес, дарға асқаны,
атқаны.*

*Маған ауыр осылардың
бәрінен*

*Өз аулымның иттері үріп,
қапқаны.*

немесе:

*Тән көмілер, көмілмес
еткен ісім,*

*Ойлайтында мен емес бір
күнгісін.*

*Жұрт ұқпаса, ұқпасын
– жабықпаймын,*

*Ел – бүгіншіл, менікі –
ертеңгі үшін, –*

деген шумақтардың ұйқасы да, дауыс екіпі де, айтар ойы да терең пәлсапалық мағынамен жеткізілуі, сөз жоқ, үлкен ақынның қол таңбасын танытады.

Кітаптың «Ұлылар үндестігі» деген бесінші тарауында Ахметтің Абаймен аударма өнерінде болсын, жай ақындық толғауда болсын, шендестіріле әңгімеленуі әбден орынды болған. Алайда бұл ізденісті тек Абаймен ғана дөңгелентпей, өзінің замандас ақындарымен салыстыра да үндестіре зерттегенде талай қызықты сыр ашылатын еді. Тегінде, Өмірхан бұл мәселеге қайтадан арнайы оралып сокса, қазақ ақындығының біраз қыр-сырын оқушыға жеткізіп, эстетикалық тәлімді күшейте түсер еді. Сөздің қысқасы, Ахаңның ақындық әлемі барынша толымды да сауатты ашылып, ғибратты

сипаттарға ие болған.

«Көсемсөздің көшбасшысы» атты үшінші тарау Өмірханның өмірлік азығы демесіме болмайды. Мұны айтқанда жалғыз ғылыми ізденістің ізі ғана емес, жалпы пенделік бағыттың сыры ашылады.

Тағы да бір шегініс жасайын. Марқұм академик Зейнолла Қабдолов екеуіміз аспирантураға түскен талапкерлерді алдымыздан өткізіп, кімнің қандай тақырыпқа ізденіс жасауы керектігін белгілеп отырғанда, әншейінде еркіндеу жүретін, тілі өткір Өмірхан ішке имене кірді. Зейнолла екеуі бұған дейін сөйлесіп қойған екен. Оқуды өзімізден бастап, Мәскеу университетінде тәмамдап келген Өмірхан Зейнолланың көзіне түссе керек. Зекең мен Серік Қирабаев екеуі эманда пысық және дүмді аспиранттарды тандап алып, өздерінің аумағында ұстайды. Өмірхан Мәскеуден оқу бітіріп келгендіктен, Зейнолла өзінің ауласына ыңғайлап, әдебиет теориясына бейімдеп «Шыңғыс Айтматов шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» деген тақырыпты беріп қойыпты. Қисын, теория дегенді айтқанда адамзаттың көркемдік танымында ашылмай қалған арал болар деп үміттенушілер көп болады ғой. Зейнолланың жылы сөзі мен абыройына «мас» болған Өмірханды мен де сырттай бақылап жүруші ем. Бірден: «Осы сендер қолынан іс келетін, елге пайдасын тигізетін талапкерлерді жайлы

өңірге орналастыруды қашан қоясындар? Тарихымыздың «ақ таңдақтарын» қашан ашамыз?» – деп дүрсе қоя бердім. Зейнолланың мәймөңкелетіп келе жатқанына қарамай, «Мына жігітті маған бер. Шыңғысты жазатын орысқырғыз, қазақ та жетеді, бір зерттеушісін жоғалтқаннан оныңұтылары шамалы. Заман оңға басып «Алаш» қозғалысы ақталайын деп жатыр. Мен мұны «Қазақ» газетінің тарихи рөлі мен оны шығарушы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығын зерттеуге саламын» деп екпіндете бастағанымда, Зекең: «Қидым саған», – деп былқ ете түсті. Бұған дейінгі уақытта ғылыми жиындарда бір-екі рет сөйлегенін естіп, бірді-екілі мақаласын оқысам да, қандай қауқары барын жете біле қоймайтын Өмірханды журналист мамандығын Мәскеуден алып келген соң, «Қазақ» газетін зерттеуге салдым. Арабша танитын-танымайтынын да сұрамадым. Екі-үш айда төте жазуды біліп алуға болатындығын өз басымнан өткергенмін. Ал «Қазақ» газеті қазақ елінің мұң-мұқтажын қалай жазғанын, ұлттың жаршысы болғанын білу айрықша қажет болатын.

Осындай тапсырма алған соң, аспиранттық үш жылдың орта тұсында машинкаға басылған 400 бет қолжазбаны маған ұсынды. Бес жылда 265 саны жарық көрген «Қазақ» газетін толық оқып шығып, тарихи-әлеуметтік және әдебиет пен өнер-білім-

ге қатысты тақырыптарға Ахмет қайраткерлігін қосақтай отырып, ел елерлік еңбек жазыпты. Кандидаттық диссертация ауқымынан асып кеткен соң, Ахаңа байланысты ізденістердің біразын қысқартып, 180-200 беттейін қалдырып, «мына кірмей қалғандарды жыртып тастама, ертең керек болады», – деп ескерттім.

Енді міне сонда оқыған дүниелерім «Ахмет Байтұрсынұлы» ғылыми-эссесінен «мен мұңдалап» алдымнан шығып отыр. Баяндалуы баяғыдай болғанымен, түзетіліп, қазіргі өскен ғылыми деңгейге рабайластырып, ойлы да, түсінікті де көрікті, жеңіл де ойнақы тілмен бүгінгі оқырманға жетіп отыр. «Қазақ» газеті» «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея» атты монографиялар шығарып, әдеби, ғылыми ортаға, «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» деген жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралын, «Қазақ әдебиеті» атты мектепке арналған оқулық жазып, студенттер мен оқушылар қауымына жақсы танымал болған Өмірханның жалпы оқушы жұртшылыққа ұсынылған еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының өрелі биігінен көрінуде.

Өмірхан Әбиманұлы сөз болып отырған кітабының үшінші тарауында Ахметтің публицистикасын (көсемсөзін) жан-жақты әңгімелеп, шеберлігіне тоқталғанда «Бір тақырыпқа жазылған мақалада өз ой-

ларының логикалық арнасына бірнеше тақырыпқа арқау боларлық мәселелерді қосақтап, желісін жымдастырып жібереді. Сөйтіп көп желілі тақырыптар әуелгі алға қойған мақсаттың ашыла түсуіне пайдасын тигізіп, түпкі дінгек ойға дәлел, дәйекті мысал ретінде қызмет етеді. Яғни негізгі тақырып айналасындағы әр алуан мәселелер бір-біріне салаласа жалғасын тауып, алға қойған мақсатты кең көлемде қарастыруға мүмкіндік туғызады. ...Пікірін ашық айтады. Бұлтаққа салмайды. Неше түрлі мәселеге қозғау салған әуелгі сұраққа Ахмет мақаланың қорытындылау бөлігінде нақты жауап береді» (170-б) деген бақылауларды оңтайлы жеткізуінің өзі ғылыми-талдау шеберлігінен хабар береді. Мәселенің ішіне сүңгі кіріп, аңғарғаныңды оқушыға ажарлы жеткізу – зерттеуші үшін үлкен өнер. Ахаңның көсемсөздегі көшбасшылығын қалың қауымға жеткізуде Өмірхан ешкімді жалықтырмай, оралымды тілмен аялап отырады. Бұл да көп ғалымның қолынан келмесі белгілі.

Бұл еңбектің ең бір сүбелі тарауы – «Ұлттың ұлы ұстазы». Ұлтқа ұстаз бола аларлықтай Аханның бойынан қандай қасиеттер табылуға тиіс. Менің өз түсінігімде Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл қазақ филологиясының негізін қалаған ұлы қайраткер, ғұлама. Бұл да бір адамға аздық жасамайтын тұжырым. Алдында әңгіме болған

азаматтығы, ақындығы, көсемсөзшілдігі, сайып келгенде, ұлы азаматтың ажарын ашуға жарап жатыр. Ал сонда ұлттың ұстазы болу үшін басқаша қандай қасиеттер керек екенін осы тараудан іздеп тауып, көзімізбен көруіміз керек. Сонда ғана зерттеушінің айтқанына қол қоямыз.

Ой айту – оңай, ал оны жүзеге асыру – қиын. Біз кейде сөз бен істің арасындағы байланыстарға мән бермей, асыл ойдың ыңғайына жығыла береміз, парықтамаймыз. Іс пен сөз бір жерден шығып жатса ғана, әрі мәнді, әрі сәнді болмақ қой. Осы тұрғыдан келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы қазаққа біткен бүкіл қайраткерлердің ішінде бар мәселеде етегінен ұстайтын жалғызымыз демей-ақ қояйын, алайда, көптің серкесі, бірегейі болғаны ешкімнің шамына тимес.

Өмірхан кітабының «Ұлттың ұлы ұстазы» аталатын төртінші тарауында төрт мәселе төңірегінде ой өрбітіп, көздеген мақсатқа – ұлттың ұстазы болу үшін қандай қайраткерлік қажет дегенге жауап беріп тұрғанын аңғарамыз.

Ол қасиеттер не екен? Ағартушы болу үшін оқу-білімге шақыру шарт. Ағартушы қайраткер болу үшін шәкірттер оқитын мектеп ғимаратын салдыру керек. Бұлар ағартушылықтың сырттай көрінісі ғана. Оның бәрін айта, істей жүріп, ішіне кіру үшін тағы да бір ұлы құрал керек. Ол құрал

– оқулық. Жас баланың миын қатыра, ұйқысын қашыра отырып, бойға, санаға күшқуат беретін оқу құралы болса, соның ең негізгі сала екендігін сезінген, айқын түсінген Ахмет болды. Бұл аз болса, осы айтып-жазып жүргендерімнің өмірге жанасымы қандай екен деп, он-он бес жылдай мұғалім болды. Ағартушылықтың бар бейнетін, қызық-шыжығын Ахмет көрді дегенге кім дау айта алар екен?!

Осындай игі істің үдесінен шығуды ойласын мейлі, ойламасын мейлі, Ахаң сол ұлттың ана тілін білу, үйрету, өркендету жолына мықтап түсті. Ахаңның қазақ тілі оқулықтарын жасар алдында келешек ұрпақтың көзі бірден үйренетін ұлт тілінің ерекшелігін ескерген еміле-әліппе жасап, ағартушылықтың ішіне емін-еркін кіргізетін «Оқу құралы» мен «Тіл құралын» жазып іске асыруы, солармен жасты да, кәріні де ауыздандыруы – теңдесі жоқ қайраткерлік. Дүниеде әріпті оқытудан қиын да абыройлы еңбек жоқ. Әріп таңбасы тіл табиғатын толық қамтуын көздегенде, оның санының да үлкен мәні бар. Әріп саны аз болған сайын, сауаттану, қате жібермеу жеңілдей беретінін Ахаң қатты ескеріп, жәдит үлгісіндегі төте оқуды 34 әріпке сыйғызуының өзі ұлы ғұламалық. Ал қазіргі 42 әріппен сұңғыла деген білімпаздардың өзі талай қате жіберіп жатады.

Демек, ағартушылық идеяны айта, жырлай отырып,

Ахаң оны шешудің ең төте және алғашқы адымын тапты да, ұлтты саналандырудың даңғылына түсті. Бұл аз болса, өзі сабақ берді, бас білмейтін асауларды оң жолға салды. Міне, ел есінен кетпейтін ұлылық, іс пен сөздің бір жерден табылуы деп осыны айтады.

Ал енді осы тараудағы «Ұлт мұрасын ұлықтаушы» тараушасына келер болсақ, тағы да айбынды іскерлікті, ұйымдастырушылықты көреміз. Тоғыз ай түрмеде жатып, қазақ жерінде тұру құқынан айрылуы, ағайынтуысы, тамыр-танысы жоқ және қалтасында тек күн көрерлік қана қаражаты бар Ахаңның сонау Орынборға баруы, ес жинауы, қалтасында көк тиыны болмай тұрып, ұлттың ұйытқысы, жаңалықтың жаршысы, халықты игілікті іске жұмылдырушы, «соқырға» – көз. «саңырауға» – құлақ болатын газет шығаруға талпынуы – қайран қаларлық қайраткерлік. Ел үшін, ұлт үшін жанын пида қылуға Ахаңды ешкім зорлаған жоқ қой. Тіпті «өз иттерінің үріп қапқанын» да, болашақта да шабалаңбай қалмайтынын көңілге алмай, ұлттың үні болған «Қазақ» газетін шығаруы ұстаздың ұлы ісі емес деп кім айтар?

Ал баспасөздің өзі көркем әдебиетті, оның көсемсөзін өркендетудің ұлы қазаны болса, оны Ахаң қалтқысыз пайдалана білді. «Қазақ» газетінің таралымын 8 мыңға жеткізгенде «Азамат» серік-

тігін құрып, баспахана са-
тып алғаны қанатты кеңге
сілтеудің үлкен дайындығы
еді. Өкінішке қарай,
қомданған бүркіт замана да-
уылына кез болып, шарықтап
ұша алмаса да, оған дейін
самғауының өзі бір елдің
сана-сезімін оятып, күш-
қайратын жанығаны шаттана
айтатын деңгейде болғанын
1916 жылғы ұлт-азаттық
көтеріліс айқын көрсетті.
Онан кейінгі дәуірлік
оқиғалар тұсында, қинала
жүріп, елге қызмет етті. Міне
осының басы-қасында болған
Ахаңды қалайша ұлт ұстазы
деп мақтан тұтпайсыз?

Бұл аз болса, құдай бер-
ген дарын теориялық еңбек
«Әдебиеттанушы» арқылы
қазақтың эстетикалық таным-
білігін, сезім-әсерін биік-
тетіп, әлем әшекейіне өзінің
алау гүлін қосып, адамзаттың
дамуына менің де қосар
көркемдік үлгілерім бар де-
гендей ғұламалық танытты.
Қазақтың рухани дүниесі
көшпенді мәдениетінің
машығымен әлемдік деңгейге
жеткені және ғылыми ой-
пікірі қасымыздағы көрші
орыс түгіл, бүкіл түркі
әлемінде оңайлықпен кез-
десе қоймайтын қисыншыл,
теориялық еңбекті жаздырып,
бүкіл елімізге абырой әпергені
– ұлылықтың бір белгісі.

Қазақ әдебиеттану ғылы-
мының негізін теориялық
тұрғыдан мықтап қалап,

эстетикалық таным-білік-
ті қалыптастырған ұлттық
қисындарды Өмірхан «Әде-
биеттанушы» өніп шы-
ғатын он ерекшелікті сана-
малай отырып көрсетеді.
Сонау 1926 жылы шыққан
«ұлы еңбектің бүгінгі күннің
сұранысына толығынан жауап
беруін» ғана емес, «ғасырлар
қойнауында жатқан ұлттық
әдебиет жәдігерлерін тірнек-
теп жинап, ұлттық әдеби
теориялық ой-пікірдің ал-
тын арқауына айналдыр-
ды» (239-б.) дегеніне рухтас
ойлардың біз жазған «Қазақ
әдебиеті сынының тарихын-
да (1994) таза ұлттық таным-
білік деңгейінде жазылғаны,
терең қисынмен, алғыр ой-
мен, толымды да жүйелі
пікірмен айқын жазып беру-
ге ақыл-қабілеті, ғұламалық
парасаты жететіндігін сонау
20-жылдары танытудың өзі,
қазақ поэзиясының жан-сы-
рын, өлең жүйесінің ішкі та-
рам-бұтақтарын тамаша біл-
гірлікпен зерттеп көрсеткені
классикалық деңгейде екенін
аңғармау ағаттық болар еді»
деп айтылғаны ескерілмей, ой
жарыстары дамымай қалғаны
өкінішті бола тұрса да,
Өмірханның ұлттың ұстазын
бар қасиет-қадірімен қастерлей
білуі әбден орынды болған.

«Ахмет Байтұрсынұлы»
ғұмырнамасын зерттеуде-
гі және өз ойын жеткізуде-
гі Ө.Әбдиманұлының сөз
қолданысы мен пікір айту

машығы басқаларға үлгі
болғандай өзіндік болар-бол-
мас бірдемесін пұлдай білетін-
дер қатарына қосылмай, түп-
тен тартып, тереңнен қазып,
ғылыми да эстетикалық еңбек
жаза білгендігі шын қуантып
отыр.

Бұл кітапты өзімізде ғана
насихаттап қоймай. Мәс-
кеудегі «Тамаша адамдар
өмірі» сериясынан шығару,
түркі тілдес елдерде жариялау
мәселесін де ойластыру керек.
Авторға мемлекет тарапынан
демесін болғаны әбден орын-
ды. Ахмет арқылы қазақ де-
ген халықтың рухани қуатын,
мәдени өресі мен параса-
тын таныту қажет. «Мәдени
мұра» бағдарламасының ая-
сына алып, қазақты, өнерінің
құнарлы байлығымен, рухани
әлеуетінің молдығымен таны-
ту – бізге парыз. Міне сонда
ғана өркені өскен 50 елдің іші-
не біз өзіміздің тарихи, әдеби,
мәдени, ақыл-ой, таным-
білік байлығымызбен кіреміз.
Ешкімнен көмек сұрамай,
өзіміздің айбынды да ажар-
лы келбетімізбен таныламыз.
Сонда ғана адамзаттың иен
мәдениет сарайына бірсудің
жетектеуімен емес, өзіміздің
ұлттық көркемдік таным-
білігімізбен емін-еркін үлес
қосамыз. Оған Ахаңның ұлт
ұстазы, рухани көсем ретінде-
гі азаматтық қалпы және ерен
қайраткерлігі кепіл бола ала-
ды.

